

Римдегі меншік құқығы

- Заттар ұғымы және олардың жіктелуі.
- Римдегі меншік құқығының сипаттамасы
- Бөтеннің мүлкіне құқық

Бастапқы кезеңдерде *меншік* термині Рим құқығында қолданылмайтын. Меншік құқығын сипаттау үшін Рим құқығында екі термин қолданылатын: *Dominium* және *Proprietas*. И.Б. Новицкий өзінің еңбегінде республикалық дәуірдің соңғы кездерінен бастап *Proprietas* терминінің тұрақты қолданысқа енгізілгенін тілге тиек етеді

Е.А. Скрипилев болса б.з. 2 ғасырдың ортасындағы Гай институцияларында *Proprietas* терминінің алты рет қолданылғанын, сондай-ақ, аталған сөздің синонимі болып табылатын *Dominium* терминінің де алты рет кездесетіндігі жөнінде деректер келтіреді.

Меншік құқығының бірнеше түрлері болды: квириттік меншік, перегриндердің меншігі, аймақтық (провинциалдық) меншік, бонитарлы меншік.



“Proprietas est plena in re
potestas” –

“Затқа қатысты толықтай
билік меншікті
білдіреді”.


Меншік иесінің келесідей өкілеттіктері болды: затты пайдалану құқығы (*ius utendi*); затқа билік ету құқығы (*ius abutendi*); *ius fruendi* (затқа билік ету немесе пайдалану нәтижесінде кірістер алу).

Қоғамдық мүдделерге орай меншік құқығына келесідей бірқатар шектеулер қойылуы мүмкін болды:

*- діни пайымдар бойынша
қойылатын шектеулер: XII кесте
заңдарында мәйіттерді қаланың
шеңберінде және қала
аяқталғаннан кейінгі алпыс фут
шегінде жерлеуге тыйым салынды;*

- құрылыстық нормаларға қатысты қойылатын шектеулер: Мысалы, Гозидиан сенатусконсультына сәйкес құрылыс материалдары ретінде сату мақсатында ғимаратты бұзуға меншік иесіне тыйым салынған. Осындай мазмұндағы шектеулердің саны классикалық кезеңнен кейінгі құқықта арта түсті және соңынан олар Зенон конституциясында сұрыпталған болатын;


- қоғамдық жолдар: қоғамдық жолдармен жанасып жатқан жер бөліктері иелерінің ол жолдарды жөндеу міндеті XII кесте заңында бекітілген болатын. Егер, жол одан өтуге болмайтындай жағдайда бұзылатын болса, онда оған жанасып жатқан жер бөліктерінің немқұрайлы меншік иелеріне өз жерлерінен өткізу міндеті жүктелетін болды;



- су жағалауындағы жер бөліктеріне қойылатын шектеулер: бұл жер бөліктерінің иелері теңізшілер мен балық аулаушыларға теңізде жүзу не балық аулау мұқтаждықтары үшін өз жер бөліктерін пайдалануға рұқсат етуге міндетті болды;

- жер қойнауларын пайдалануға салынатын шектеулер: Гарсиа Гарридо өз еңбегінде классикалық құқықтың минералды ресурстарды басқа тұлғаларға тиесілі жер бөліктерінен емес, тек, қозамдық жерлерден ғана алуға мүмкіндік бергендігін жеткізеді. Сондай-ақ, б.з. 382 жылғы Конституцияға сәйкес пайдалы қазбаларды бөтеннің жерінен меншік иесіне 10% төлей отырып, өндіру мүмкіндігі қарастырылғандығы туралы деректер ұсынады;

- қоғамдық мұқтаждықтардың туындауына орай меншікті алу: Негізінен, классикалық құқықта азаматтардан мүлікті алуға мүмкіндік беретін қандай да бір ортақ бір ережелер болмаған болатын. Дегенмен, магистраттар сенат келісімін ала отырып, нақты бір жағдайларда жекелеген тұлғалардың мүліктеріне билік ете алатын болды.



Меншік құқығын алудың әдістерін екіге жіктеуге болды: бастапқы және туынды. Меншік құқығын алудың бастапқы әдістері бұрынғы иесінің еркінен тәуелсіз пайда болады. Ал, туынды әдісте алдыңғы меншік иесінің еркі қажет болды және ол Ульпианның «ешбір тұлға басқаға өзі иеленетіннен артық құқық бере алмайды» деген ережесіне негізделетін.

Меншік құқығын алудың бастапқы әдістері: 1) оккупация: бастапқыдан ешкімге тиесілі болмаған заттар «res nullis». Оккупацияның ең танымал әдістері ретінде келесілерді атауға болады:

- жабайы аңдарды (*venatio*), құстарды (*ausurium*) және балықтарды аулау. Аңдар қолға түскенімен, өзінің табиғи бостандығын жоғалтпауы мүмкін. Аулану әдістеріне қарай жануарлар үшке жіктелінген: 1) табиғи бостандықтағы жабайы жануарлар (*ferae bestiae*) – бұларды әрбір тұлға өз меншігіне айналдыра алатын болды; 2) қолға немесе үйге үйретілген жануарлар (*mansuetae* не *mansuefactae*) – бұлар табиғи бостандықта болғанымен, адамның бақылауында болады және әдетте, оған қайта оралады; 3) адамның билігінің аясындағы үй жануарлары (*quorum non est fera natura*). Ал, аңшылық құқығы адамзат жер өңдеуге кіріскенге дейін оған тиесілі болған ежелгі, көне құқық болып табылады. Сондықтанда, бөтеннің жерінде аң аулауға тыйым салынбады;

- жау қолынан алынған әскери олжа. Бұған қатысты Гай Институтцияларында (2.69) келесідей сөздер берілген: «*Жау қолынан түсіргендеріміздің бізге тиесілі болуы, табиғи құбылыс*», (4.16) «*Жау қолынан түсірген заттарымыз біздің ең даусыз меншігіміз болып есептеледі*».

- теңізде қалыптасқан арал және теңіздің жағалауға шығарған заттары. Мысалы, Дигестыда келесідей сөздер кездеседі (D.1.8.3): *«Теңіз жағалауынан табылған тастар, қабықшалар (раковины) және өзге де заттар табиғи құқыққа сәйкес оны тапқан тұлғаның меншігіне айналады».*

- бұрынғы меншік иесі бас тартқан заттар (res derelicta). Бұған қатысты Юстиниан Институцияларында келесідей сөздер берілген (2.1.47):
«Өтіп бара жатқан арбадан құлап, меншік иесі оның құлағанын байқамай қалған заттар «бас тартылған» заттар ретінде қарастырылмайды».

*Бұғыны алғаш жаралаған аңшы
жөніндегі казус*

*«Аң аулап жүрген Гай бұғыға байқатпай
жақындап келеді және оны садақпен атып
жаралайды. Алайда, бұғы қалың ну ағаштың
арасына кіріп, көзден таса болады.
Жараланған бұғыны Тиций байқап, оны
өлтіреді және өз меншігі деп жариялайды».*

*Гай, D.41.1.5.1;
I.Inst.2.1.12-16*

Требаций: Ол бірден (жаралаған сәттен) біздікі болады және біз оның (жараланған аңның) ізіне түсіп, ұстау талпынысын тоқтатқанша, ол біздікі болып есептеледі.

Егер, біз ізіне түсіп, ұстау талпынысын тоқтатсақ, онда ол кейінгі тұлғаның меншігіне айналады; міне осылайша, жараланған аңның ізін кесіп, ұстау талпынысында жүрген кезімізде оны бөтен біреу ұстап алса, онда мұны бейне бір біздің меншігімізді ұрлау әрекеті ретінде бағалауымыз қажет.

Гай: Заңгерлердің басым бөлігінің пікірі дұрысырақ болып табылады: аңды ұстаған сәтте ғана ол біздікіне айналады; ұстап алуға тосқауыл болатын аралуан мән-жайлар туындауы мүмкін.

Қасқырлардан қойларды алып қалған көрші жөніндегі казус

Гай өз меншігіндегі бір қора қойларын қорғауды өзінің құлы әрі қойшысы Стихке тапсырады. Қойларға қасқыр шауып, Стихтан бірнешеуін тартып әкеледі. Көрші алқапты өңдеуші колон Тиций қасқырларға өзінің қойларын күзетіп жүрген төбет иттерін салып, қойларды қасқырлардан алып қалады. Гай өзінің қойшысы бағып жүрген қойларын кері талап етті және осы себепті, Помпонийға келесідей сауалмен жүгінді: қасқырлардан тартып алынған қойлар колонның меншігі болып табылады ма немесе аң аулау барысында түскен зат іспетінде олар Гайға тиесілі болып қала береді ме?

Помпоний Ульпианнан, D.41.1.44

Кв. Муций Сцевола: Тартып алып, ізін суытып үлгерген теңіз және жер жыртқыштарының алғандары біздің мүлкіміз болудан қалады; дәл осылайша, аңшылық кезінде ұсталған құстар немесе теңіз жануарлары өздерінің табиғи бостандығын қайта иеленгеннен кейін ешкімге тиесілі болмайды.

Сондықтанда, келесідей сұрақ туындайды: біздің торымыздан немесе алқабымыздан ұшып шығып, еркін қалықтап жүрген құстың біздің меншігіміз екендігін айтуға кімнің батылы жетер екен? Міне осылайша, қандай да бір аң екінші бір жабайы аңның аузынан құтылып шыққан ретте ол, алғаш ұстаған («оккупациялаған») тұлғаның меншігіне айналады.

Дәл осылайша, егер біз ұстаған балық, қабан немесе құс жұлқынып, босап шығатын болса, онда ол оны бірінші ұстаған тұлғаның меншігіне өтеді.

Помпоний: Қойларды қожайнына қайтару мүмкіндігі болған ретте қойлардың біздікі (Гайдікі) болғаны дұрысырақ болған болар еді, деп пайымдаймын; ал, құстарға, балықтарға және жабайы жануарларға келер болсақ, онда жазылғандарды әділетті санаймын.

Кв. Муций Сцевола: Бұл кеменің күйреуі барысында жоғалған мүлікке де қатысты болады; бұл заттар біздің меншігіміз болуын бірмезетте тоқтатпайды және оларды ұрлағандар жымқырылған мүлік құнының төрт еселенген мөлшерінде жауаптылыққа тартылсын.

Ульпиан: Шын мәнінде, қасқырлардың бізден алғанын қайтару мүмкіндігі сақталынған ретте олар біздің меншігіміз болып қала береді. Ал, егер біздің меншігіміз болған болса, онда менің пайымдауымша, колонда оларды ұрлау ниетінің болмағанына қарамастан, бұл ұрлық туралы талап-арыздар саласына қатысты болады; мұндай ниетінің болған-болмағандығына қарамастан үй жануарларының қайтарылуын талап етушінің талабын орындаудан бас тартуы, олардың жымқырылғандығын және оларды өз меншігіне айналдырғысы келетіндігін білдіреді. Сондықтанда, ол ұрлық туралы және ұсыну туралы талап-арыз (exhibitoria) бойынша жауап беруі тиіс және егер, бұл қойлар сотта ұсынылатын болса, онда бұл қойларды талап етуге болады деп пайымдаймын.

2) Көмбе

Рим заңгері Павел көмбеге қатысты келесідей анықтама ұсынады: *«көмбе дегеніміз бұл меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын белгілі-бір мөлшердегі жасырылған заттар; көмбенің ешкімге тиесілі болмауы себепті көмбе оны тапқан тұлғаға тиесілі болады және егер, кімде-кім қандай да бір затты сараңдықпен, қауіппен немесе сенімді сақтау ниетімен жерге көметін болса, онда ол зат көмбе ретінде саналмайды және міне осылайша, ол ұрлықтың пәні бола алады».*

Бастапқыда көмбе қай жерден табылса, ол сол жердің меншік иесіне тиесілі болды. Кейіннен, император Адрианның рескрипті бойынша көмбеге меншік құқығы оны тапқан адаммен жер бөлігінің иесінің арасында теңдей бөлінетін болды.

Ұмытшақ жолаушы қалдырған көмбе туралы казус

Жолаушылап сапарға аттанғалы тұрған Гай, жақсырақ сақтау мақсатында мөр басылған сандыққа белгілі-бір мөлшердегі ақша сомасын салып, бөтеннің жер бөлігіне көміп кетеді. Қайта оралғаннан кейін ол, сандықтың нақты қай жерде екенін есіне түсіре алмайды. Осы ретте, ол иелік етуді тоқтатады ма? Өзінің жер бөлігіне Гайдың келуінің жиілеп кеткеніне таң қалған жердің иесі Тицийдің ұлы Виниций, Гайды әкесінің жерінен күштеп шығарып жібереді және кейіннен, қазба жұмыстарын мұқият ұйымдастырып, сандықты тауып алады және оны өзінің әкесіне ұсынады.

Папиниан, D.41.2.44

Павел, D.41.1.31.1: Көмбе дегеніміз бұл меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын белгілі-бір мөлшердегі жасырылған заттар; көмбенің ешкімге тиесілі болмауы себепті көмбе оны тапқан тұлғаға тиесілі болады және егер, кімде-кім қандай да бір затты сараңдықпен, қауіппен немесе сенімді сақтау ниетімен жерге көметін болса, онда ол зат көмбе ретінде саналмайды және міне осылайша, ол ұрлықтың пәні бола алады.

Трифонин, D.41.1.63: Егер, қандай да бір тұлға өзге бір тұлғаның билігіне тәуелді болса, онда жерді иеленетін тұлғаның назарын аударған жөн; міне осылайша, егер көмбе бөтеннің жерінен табылса, онда оны тапқан адам тек, оның бір бөлігін ғана алады, алайда, көмбе оны тапқан адамның әкесіне немесе қожайнына тиесілі жерден табылса, онда соңғысы көмбені жәуліктей өз меншігіне алады; егер, бұл бөтеннің жерінде орын алса, онда тек жартысын ғана алады.

Лабеон Помпонийдан, D.10.4.15: Маған тиесілі көмбе сенің жер бөлігіңде көмілген және сен маған оны қазып алуға рұқсат етпеудесің. Лабеонның айтуынша, сен оны орнынан қозғалтқанша, мен не ұрлық туралы не оны ұсыну туралы талап қоя алмаймын. Өйткені, сен оны иеленбейсің және иеленуді қиянат жасау мақсатында тоқтатқан жоқсың. Тіпті, өзіңе тиесілі жер бөлігінде көмбенің барлығын білмеуіңде мүмкін. Алайда, егер мен мұның қандай да бір ойын мақсатында еместігі жайлы ант беріп, (сенің жер бөлігіңде) жасалынатын жұмыстардан келуі мүмкін залалды өтеуге саған алдын-ала кепілдік ұсыну арқылы сенің тарапыңнан болуы мүмкін тосқауылдардан сескенбей, бұл көмбені қазып, алып кеткенім әділетті болар еді. Алайда, егер бұл көмбе ұрланған болса, онда ұрлық туралы талап қоюға болар еді.

3) Өңдеу

Егер, қандай да бір тұлға өзіне тиесілі емес материалдардан жаңа бір зат дайындап шығатын болса, онда ол өңдеу деп аталды. Мысалы, өзге тұлғаға тиесілі мыс, алтын және күмістен қолөнер шебері ваза жасап шығарса не өзгенің ағашынан орындық жасайтын болса не бөтен бір тұлғаға тиесілі материалдан киім тігілетін болса және т.б. Сабиниандықтардың пайымдауынша, жаңа затқа меншік құқығы материалдың иесіне тиесілі болуы тиіс. Ал, прокулиандықтардың пайымдауынша, затқа меншік құқығы оны дайындаған тұлғаға тиесілі болуы тиіс болды. Ал, осы екі көзқарас ортасында келесідей пікір болды яғни, егер, затты бастапқы қалпына қайтару мүмкін болса, онда ол затқа меншік құқығы материалдардың иесіне тиесілі болды. Ал, егер бастапқы қалпына қайтару мүмкін болмаса, онда оны дайындаған тұлғаға тиесілі болды.

4) Иелену көнелігі

Рим заңгері Ульпиан аталған ұғымға келесідей анықтама ұсынады: *«Иелену көнелігі (usucapio) бұл, бір немесе екі жыл шегінде жалғасқан иеленуге орай меншік құқығын алу әдісі болып табылады: жылжымалы затқа бір жыл ал, жылжымайтын зат үшін екі жыл».*

Сондай-ақ, Модестин де келесідей анықтаманы ұсынады (D.41.3.3): *«Usucapio – бұл, үзіліссіз иелену арқылы заңда бекітілген мерзімнің өтуіне орай затқа меншік құқығының алынуы болып табылады».*

